

Атауы жоқ көшеге атаяу беру туралы

Түркістан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің Алғабас ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 20 ақпандағы № 02 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 ақпанда № 5435 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халықының пікірін ескере отырып, Түркістан облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Бәйдібек ауданы әкімдігінің Алғабас ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алғабас ауылдық округінің Ұсіктас елді мекеніндегі атауы жоқ № 1 көшеге "Айдарлы" атауы берілсін;

2. "Бәйдібек ауданы әкімдігінің Алғабас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күнен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Бәйдібек ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамассыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алғабас ауылдық округінің әкімі:

К. Төлепов